

2004 жылғы астықты мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 290 қаулысы

Республиканың азық-түліктік қауіпсіздігін, жұмылдыру мұқтажыдығын қамтамасыз ету, стратегиялық маңызы бар астық рыногын жедел реттеу мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2004 жылғы егіннің бидай астығын және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік астық ресурстарына мемлекеттік сатып алу көлемі республикалық бюджет қаражаты есебінен 6208382000 (алты миллиард екі жүз сегіз миллион үш жүз сексен екі мың) теңге сомасына 464196 (төрт жүз алпыс төрт мың бір жүз тоқсан алты) тоннаға дейінгі тоннаға дейінгі көлемде белгіленсін, бұл ретте:

1) 2004 жылғы 25 шілдеге дейінгі мерзімде көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы:

есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда 13320 (он үш мың үш жүз жиырма) теңге баға бойынша 2841600000 (екі миллиард сегіз жүз қырық бір миллион алты жүз мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей франко-элеватор шартымен 213334 (екі жүз он үш мың үш жүз отыз төрт) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы; <*

>
есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда 14800 (он төрт мың сегіз жүз) теңге баға бойынша 253080000 (екі жүз елу үш миллион сексен мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 17100 (он жеті мың бір жүз) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік қатты бидай астығы; <*

2) күзде тікелей сатып алу арқылы:

есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда 13320 (он үш мың үш жүз жиырма) теңге баға бойынша 3113702000 (үш миллиард бір жүз он үш миллион жеті жүз екі мың) теңге сомасына және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор шартымен 233762 (екі жүз отыз үш мың жеті жүз алпыс екі) тоннаға дейінгі көлемде азық-түліктік жұмсақ бидай астығы. <

*

>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.12. N 755 , 2004.12.02 . N 1251 қаулысымен .

2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына кредит ресурстарын тарту есебінен 2000000 (екі миллион) тоннаға дейінгі көлемде бидай астығын және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын қосымша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын.

3. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы 2004 жылы оларды сатып алу Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік ресурстарға астықты мемлекеттік сатып алу жөніндегі қызметтер көрсетуді, мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі